

ӘОЖ 28+1+141.319.8

Қ.А. Затов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Kairat_1966@list.ru

Ислам және қазіргі заман

Аңдатпа. Мақалада қазіргі заманғы ислам ойының дамуы қарастырылады. Қазіргі ислам тарихындағы модернизация мен дәстүршілдіктің, ортодоксалдылық пен дәстүршілдік қадымдардың арақатынасы сарапталады. Автор исламның өзіне іштей тән даму тетіктерінің бар екеніне және оның Құран аяттарымен, ислам ғалымдарының беделді пікірлерімен қуатталатынын атап өтеді. Сондай-ақ автор жәдидшілдікті Еділ жағалауы, Кавказ және Орталық Азия халықтарының дүниетанымына ықпал еткен оң құбылыс ретінде бағалайды.

Түйін сөздер: ислам, модернизация, дәстүршілдік, діни дүниетаным, реформация, жәдидшілдік.

Қазіргі әлем өзінің түйткілі көп шешілмеген мәселелерімен, адамзат қауымдастығын елендеткен саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарымен ұлы тарихтың кең құшағына еніп барады. «Түрлі-түсті төңкерістер», «араб көктемі», «еуропалық қаржы дағдарысы», Иран-АҚШ теке-тіресі және тағы да басқа ірілі-кішілі оқиғалар өміріміздің ажырамас бір қырына айналды.

XX ғасырдың екінші жартысынан кейін көптеген мұсылман елдері тәуелсіздік алғанымен, қазіргі жаһандану дәуірінде одан әрі қалай даму керек деген мәселе әлі күнге дейін өзінің көкейтестілігін жоғалтқан жоқ. Әсіресе, соңғы саяси-әлеуметтік оқиғалар кеңмәтінде бұл мәселе гамлеттік сипат алуда (болу немесе болмау, яғни өз болмыс-бітімін сақтау). Бұл сұрақты бізден бұрын да қойып, жауабын іздеген ойшылдардың көзқарастарына талдау жасамай жатып, оған жауап беру қиынға соғатыны анық. Сондықтан ислам әлемінде қалыптасқан идеялық ағымдарға тоқталып, сана таразына салып көрейік.

Ғалымдар қазіргі таңда мұсылман әлеміндегі әлеуметтік-саяси ұстанымдарды талдауда төрт ұстанымды бөліп қарастырады. Олар: ортодоксалды, модернизациялық, реформаторлық және қайта жаңғырту ұстанымдары. Бұл бағыттар діни ілімге деген қатынасына және ислам әлемінің дамуына деген көзқарастары бойынша жіктеледі. Өкінішке орай бұл бағыттардың арасындағы айырмашылықты түсінуде зерттеушілер арасын-

да толық бірізділік жоқ. Бірқатар зерттеулерде модернизация реформаторшылықпен, ортодоксалды бағыт қайта жаңғыртумен алмастырыла береді. Ал бұл мұсылман әлемінде орын алып отырған әлеуметтік-саяси мәселелердің мән жайын терең түсінуге кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, исламдағы реформаторлық туралы ой қозғағанда оны ХҮІ ғасырдағы еуропалық діни реформаторлықпен салыстыруға болмайды. Ислам реформаторлары діни сенім, яғни иман негіздерін және ғибадат мазмұны мен формаларын өзгеруді мақсат етпеді (мұсылман ойшылдарының көп пікір таластырғаны иман негіздерінің бірі жазмыш төңірегінде өрбіді, алайда олардың басым көпшілігі оны теріске шығармады. Бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз). Діни реформаторлық жайлы айтқанда есте ұстайтын тағы бір мәселе түрлі өркениеттер аясындағы жалпы дінге көзқарас. Еуропадағы реформаторлық қозғалыс кейінгі ғасырларда секуляризация үдерісіне ұласты және ойшылдардың дүниетанымында «қараңғы орта ғасырлар» концепті терең тамыр жайды. Ал мұсылман реформаторларының керісінше, Мұхаммед пайғамбар мен төрт әділетті халифтер дәуірін ислам тарихындағы мұратты дәуір ретінде қарастырғанын байқаймыз (бұл көзқарас тек реформаторларға ғана емес, ортодоксалды және қайта жаңғырту бағыттарына да тән). Исламдағы реформаторлық, ортодоксалды және қайта жаңғырту бағыттары исламның өз ішінен өрбіп шықса, модернизациялық бағыт еуропа-

лық өркениет жетістіктерінің ықпалымен қалыптасты. Бұрынғы Кеңестік одақ құрамындағы Орталық Азия мен Кавказ мұсылмандарының арасында, Түркия Республикасында модернизациялық үдерістер басқаларына қарағанда қарқынды жүрді. Бірақ Орталық Азия мен Кавказда бұл үдеріс орталықтың (Мәскеудің) нұсқауымен және қатаң бақылауымен жүзеге асырылса, Түркия тәуелсіздік жағдайында жүргізілді және Түркияда секуляризация үдерісіне басым назар аударылса, Кеңестік одақта дінді әлеуметтік құбылыс ретінде түп тамырымен жою саясаты жүргізілді, атеизм дүниетаным формасынан саяси идеологияға айналды. Екі жағдайда да дін қоғамдық прогрестің басты кедергісі, ортағасырлық феодалдық қатынастардың сарқыншағы саналды. Сондықтан қоғам діни қараңғылықтан неғұрлым тезірек арылса, прогреске соғұрлым тезірек жетеді деп саналды. Ал бұл еуропадағы ағартушылық дәуірдің басты ұстанымы еді және ол кейінгі әлеуметтік-саяси реформаларда көрініс тапты. Екіншіден, рухани және зайырлы билік бөлінісі христиандық дәстүрден бастау алатын. Иса пайғамбардың «Құдайға құдайдікін, патшаға (кесарь) патшанікін беріндер» деген өсиеті Еуропада қос билік жүйесінің ұзақ уақыт қатар жүруіне жол ашты (Августин Блаженный өз шығармасында шіркеу мен мемлекетті бөліп қарастырады). Әрине, «екі кошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегендей, бұл екі биліктің қарым-қатынасы әркез үйлесімді бола бермеді, ақыры зайырлы билік дінді қоғамдық қатынастардың перифериясына ығыстырып, өз үстемдігін орнатты және бұл билік буржуазиялық құқықта мызғымас берік орын алды.

Түркияда модернизациялық үдерістер Мұстафа Кемал Ататүрктің билігі кезінде басталды. «Оның негізінде екі принцип жатты: лаицизм – Түркияның зайырлы мемлекет ретінде дамуы, оған сәйкес 1928 жылы ислам мемлекеттік дін мәртебесінен айырылды және этатизм – экономиканы дамытудағы мемлекеттің шешуші рөлі» [1]. Сөйтіп, Түркия ислам елдерінің ішінде алғашқы болып модернизациялану жолына түсті. Бұл үдеріс Түркияда мемлекеттік билік органдарының, әсіресе армияның қатаң тәртіп орнатуымен, белгілі бір дәңгейде диктатуралық билік формасы арқылы жүзеге асырылды. Армия соңғы уақытқа дейін Түркиядағы зайырлы мемлекеттік құрылыстың кепілі болып келеді.

Лаицизм Түркия Республикасының Консти-

туциясында көрініс тапқан кемализмнің және Ататүрік дәуірінде билік партиясы ретінде қалыптасқан Халықтық Республикалық Партияның негізгі алты принципін біріне айналды. «Зайырлылық» принципі діннің мемлекеттен бөлінуін, адамдардың діни сезімін өз мақсаттарына пайдалануға талпынған реакциямен күресті білдірді. Лаицизм исламның ықпалын шектеуде нақты іс шараларды жүзеге асыру үшін қолданылды» [2].

Сонымен қорыта айтсақ, модернизмнің мәні – діннің ықпалын шектеу, оның билік институттарын тарату, зайырлы мемлекет типінің қалыптасуы. Модернизациялық үлгіде дін қоғамдық өмірге ықпал ету тетіктерінен айырылады, адамның жеке ісіне айналады. Модернизм қисынына сай, дін қоғамның дамуына игі ықпал етпейді, керісінше тежейді. Сондықтан қоғам діни құндылықтардан бас тартып, буржуазиялық либеральды-демократиялық принциптерді басшылыққа алуы қажет, тек сонда ғана тарихи мақсатына жете алады. Мұндай идеялар қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың көзқарасында көрініс табады.

Модернизациялық үдерістер ұлттық саяси элита тарапынан қолдау тапқанымен, қазіргі таңда мұсылман елдердің басым бөлігі аграрлық болып табылады. Ал өткен ғасырдың басында жер өңдеу мен мал шаруашылығы ғасырлар бойы қалыптасып қалған дүниетаныммен сабақтасып жатты. Бұл исламдағы ортодоксалды ұстанымдардың халық арасында сақталып қалуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болды және сонымен қатар, аграрлы сектордағы халықтың білім және сауаттылық деңгейі де өте төмен еді. Бірақ соған қарамастан бұл әлеуметтік топтарда ұлттық мәселелерден шет қала алмды және идеологиялық кеңістікте өз орнын табуға талпынды. Олардың арасында теократиялық көзқарастар мен өз дінінің кәміл жетілгендігі туралы идеялар кең таралды. Ислам ортодокстары исламға адамзат қоғамының прогресі туралы көзқарастар жат, себебі ол адамзат мәселелерінің барлығын қамтыған. Жаратушы дүниені көркем етіп жаратқан, сондықтан Аллаһ өзгерпеген дүниені адамның өзгертуі мүмкін емес деген ұстанымда болды. Олар сөйтіп кез келген өзгерістерді теріске шығарып, қоғамдық қатынастарды ислам пайда болған кезіндегі қалпында сақтап қалу қажеттігін алға тартты. Бұл ұстаным отаршыл биліктің де мүддесіне сай келді. Сондықтан билік консервативті пиғылдағы

дінбасыларын қолдап, қолпаштап отырды. Ресей империясының мұсылман халықтарының арасында XIX ғасырдың соңында жәдидшілдік қозғалыс пайда болды. Бастапқыда дәстүрлі исламдық білім беру жүйесінің кереғар тұстарын сынап, білім беруде жаңа тәсілді қалыптастыруға бағытталған жәдидшілдік кейіннен Ресей мұсылмандарының қоғамдық өмірдің барлық саласында өзгеріс енгізуге талпынды. Алайда, бұл қозғалыс жергілікті консервативті дінбасылар тарапынан да, патшалық билік тарапынан да қатты қарсылыққа ұшырады [3].

Жәдитшілдік XX ғасыр басындағы жалпы исламдық реформаторлық қозғалыстың еуразиялық нұсқасы болды десек артық айтпаймыз. Осы кезде Жамаладдин әл-Ауғани, Мұхаммед Абдосияқты ойшылдар жалпы исламдық тұтастық идеясымен қатар, еуропалық саяси билік формаларын (конституционализм, парламентаризм) және демократиялық бостандықтарды (баспа, сөз және ой еркіндігі) енгізу арқылы мұсылман елдерінде реформалар жүргізуге шақырады. XIX ғасырдағы еуропадағы ұлттық идея мен ұлттық мемлекет құру теориясы мен практикасы да ислам реформаторларының дүниетанымы мен көзқарасына ықпал етпей қоймады. Олар мұсылман елдерінің дамуындағы тоқыраудың басты себебін еуропалық отаршылдықтан көрді. Еуропа өркениетінің ғылым мен білім, саяси-әлеуметтік даму саласындағы жетістіктерін қабылдай отырып, мұсылман елдерін отаршылдық бұғауынан азат етіп, дамудың жаңа сатысына көтеруге болатындығына олар кәміл сенді.

Тұтас алғандағы ислам реформаторлығы сияқты жәдидшілдік те мұсылмандардың еуропа халықтарымен терезесі тең болуы үшін күресті. Алайда, бостандыққа жетудің тәсілдеріне келгенде олардың көзқарастарында елеулі айырмашылықтар болды. Сайид Ахмет-хан сияқты жәдидшілдер де мұсылман уммасының қайта өрлеуін еуропалық ғылым мен білімді игеруден, ағартушылықпен байланыстырды. Жемал ад-Дин әл-Ауғани мен оның серігі Мұхаммед Абдо мұсылмандар елдерінің заманға сай дамуын саяси тәуелсіздікпен байланыстырды және бостандыққа жету жолында мұсылман халықтарының бірлесіп әрекет етуін діни, теориялық-дүниетанымдық тұрғыдан негіздеуге талпынды. Жемал ад-Дин әл-Ауғани өз мақалаларында батыс мемлекеттерінің мұсылман елдеріндегі отаршылдық саясатын сынға алды және ислам әлеміндегі абсолютті монархия-

ны шектеп, конституциялық билік формасын енгізуді қолдады. Алайда бұл аталған бағыттағы ойшылдардың бірі тек ағартушылықпен, екіншілері саясатпен ғана шектеліп қалған жоқ. Жәдидшілдер өз идеяларын Ресей мемлекеттік Думасының мұсылмандар фракциясындағы қызметі арқылы да іске асыруға талпынды. Жемал ад-Дин әл-Ауғани өз идеяларының бір күнде жүзеге аспайтынын жақсы түсінді. Ол көтерген идеяларды білімі мен ақыл-парасаты еуропалықтардан ешбір кем емес мұсылмандар жүзеге асыра алатын еді. Олда медреселерде тек діни пәндерді оқытумен шектелмей жаратылыстану пәндері мен техникалық ғылымдарды оқып, игеруге шақырды. Жемал ад-Дин әл-Ауғани мұсылман халықтарының жол жүйегінде қалуын бастапқы ислам идеяларынан ауытқумен түсіндірді. Ол Мұхаммед пайғамбар мен оның сахабалары дәуіріндегі ислам ілімін терең зерттеу қажеттілігін күн тәртібіне қойды. Ал еуропалықтардан қабылданатын саяси үлгілер ислам негіздеріне қайшы келмеуі қажет. Жемал ад-Дин әл-Ауғанидың көзқарастары кейінгі уақыттардағы ислам ойшылдарының көзқарасының дамуына зор ықпал етті. Ислам ойшылы Әбу-л-Хасан Әли Нәдуи өзінің «Что потерял мир по причине отхода мусульман от ислама» атты кітабында: «Егер Батыс әлі де зор құдіретті болса, оның себебі – батыс халықтарының саяси санасы мен азаматтық сезімінің нықтылығында... Исламды қайта жаңғырту үшін мұсылман елдеріндегі сауатты және жауапты қоғамдық пікірді дамытуға бағытталған саналы, жігерлі әрекет қажет» дейді [4].

Мұсылман жамағатының ішінде модернизация мен реформаторшылдыққа күмәнмен қарағандар да аз болмады. Екі жақты езгіге түскен (отаршылдар мен өз кожайындарының) кедей шаруалар, қолөнершілер мен күн көрісі төмен қала тұрғындары қиындықтан шығар жолды исламның әлеуметтік ілімінен іздеді. Олар феодалдық қатынастардан да жаңа буржуазиялық өндірістік қатынастардан да жапа шекті. Ұлттық қайта өрлеу мұратын олар пайғамбар мен алғашқы әділетті халифтер заманына тән әділеттіліктен іздеді. Әлеуметтік-экономикалық қайта құруларға деген екі жақты көзқарас олардың буржуазиялық реформаларды қолдамайтындардың да, түбегейлі қайта құруды жақтаушылардың да қатарына қосты.

Қайта жаңғырту өкілдері отаршылдардық әділетсіздікке қарсы болды, секуляризм идеяларын

теріске шығарды. Қоғамның дамуын әлеуметтік әділеттілікпен және ислам құндылықтарын қайта жаңғыртумен байланыстырды.

Исламдағы аталған төрт идеялық бағыт қазіргі күні де мұсылман елдеріндегі саяси-әлеуметтік жағдайдың даму векторларын айқындайды. Түркия Республикасы алдында лаицизм мен ислам құндылықтарын үйлестіру күн тәртібінде тұрса, революциялық толқулардан кейінгі Египетте көп жылдар бойы қудаланып келген «Мұсылман бауырлар» парламенттік басымдылыққа ие болды. Модернизацияны жүзеге асыруға мүдделі басқарушы элита мен ислам құндылықтарын жаңғыртуға ұмтылған әлеумет арасындағы қарым-қатынастың даму бағыты да бұл үдерістерге өз ықпалын тигізбей қоймайтыны белгелі. Сондықтан діни бостандық пен плюрализмді қолдай отырып, мұсылман жамағаттарының радикалды-экстремистік ағымдарға бой алдырмауына көңіл бөлген абзал. Ал бұл мұсылман жамағаттарының азаматтық қоғамның құрамдас бөлігі ретінде қалыптасуын және сонымен қатар олардың арасындағы маргиналдану үдерістерінің алдын алуды талап етеді.

Әр нәрсенің өз өзегі бар екені белгілі. Сол сияқты діннің де өзегі мен өзгермейтін мәні бар. Бұл иман негіздері мен дін парыздары. Ал олар кез келген қоғамдық жүйемен үйлесімді бола алады. Қоғам мен қоршаған ортаның өзгеруі, түрленуі мен дамуы – уақыт талабы, заманның қажеттілігі. Бірақ, Құранда айтылғандай, «адамдар өз өздерін өзгертпейінше, Аллаһ олардың қалпын өзгертпейді» [5].

Әдебиеттер

- 1 Турция между исламом и лаицизмом.
- 2 Измайлов Р.И. Кемализм и модернизационные процессы в Турции в 20–30-е годы XX века.
- 3 Юзеев А.Н. Татарская философская мысль конца XVIII-XIX вв. – Казань, 2001. – 178-179 сс.
- 4 Надви Абу-ль-Хасан Али. Что потерял мир по причине отхода от Ислама. Пер. с англ. – М.: Изд. дом «Ансар», 2006. – 173 с.
- 5 Смысловой перевод Священного Корана. – Алматы: ЧБФ Әлбаракат, 2006. – 250 б.

К.А. Затов

Ислам и современность

В статье рассматриваются особенности развития современной исламской мысли. Проведен анализ соотношения модернизации и традиции, ортодоксальности и новаторского подхода в изучении истории современного ислама. Автор статьи подчеркивает наличие внутренних механизмов саморазвития ислама, что подтверждается Кораническими аятами и авторитетными мнениями ученых ислама. А также автор рассматривает джадидизм как прогрессивное явление, оказавшее огромное влияние на умонастроение мусульманского населения Поволжья, Кавказа и Центральной Азии.

Ключевые слова: ислам, модернизация, традиционализм, религиозное мировоззрение, реформация, джадидизм.

К.А. Zatov

Islam and the modern world

In article development of modern Islamic thought is considered. The ratio of modernization and tradition, orthodoxy and an innovative approach in the history of modern Islam is analyzed. The author of article emphasizes existence of internal mechanisms of self-development of Islam that proves to be true Koran ayatollahs and authoritative opinions of scientists of Islam. And also the author considers the Jadids as the progressive phenomenon, the made huge impact on mood of the Muslim population of the Volga region, the Caucasus and Central Asia.

Keywords: Islam, modernization, traditionalism, religious outlook, reformation, jadidism.